

Түркістан облысы Келес ауданы
«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

МАД тобы

Өткізілген іс-шаралар

Тәрбиешісі: Жузеева Ж

2023-2024 оқу жылы.

Түркістан облысы Келес ауданы

«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Ұйымдастырылған іс-шара

Тақырыбы:

«Тәуелсіздік -Тұғырым»

«МАД» тобы

Тәрбиешісі:Жузеева Ж

2023-2024 оқу жылы.

Тақырыбы: «Тәуелсідік - Тұғырым»

Мақсаты: Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау: жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Жүргізуші:

Қазақ елім, туды жастық дәуірін,

Алғандайсың жұлдыздардың жарығын.

Тәуелсіздік құтты болсын ағайын!

Тәуелсіздік құтты болсын, алыбым!

Құрметті - қонақтар, ұстаздар және бүлдіршіндер Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізіліп отырған «Тәуелсіздік тұғырым» атты ұйымдастырылған іс-шарамызға қош келдіңіздер!

Аман Райяна

Әнұраным-жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Мәңгі-бақи шырқалады,

Республика әнұраны.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын орындаймыз.

Абдрахым Ерке

Құттықтау сөзі:

Құрметті ұстаздар және бүлдіршіндер. Сіздерді Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Аспанымыз ашық болсын! Еліміз тыныш, көк байрағымыз көкте желбірей берсін!

Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде Қазақ үй.

Қалықтаған жас сұңқар.

Шарықтаған таза күй.

Бұл таңбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі

Жүргізуші: Міне, Тәуелсіздік мерекесіне де келіп жеттік. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне биыл 32 -жыл толады. Баршыңызды сол

тарихы тереңде жатқан айтулы мерекесімен құттықтаймыз. Біздің ата-бабамыздың аңсаған арманы орындалды. Қазақ елінің Тәуелсіз Мемлекет атанып, көк туы желбіреген, жұлдызды сәтін өз көзімізбен көруге жазылған ұрпақтардың біріміз. Айтар болсақ 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады, Қазақ жастары орталық алаңға шығып, Қазақстанның тәуелсіздігін талап етті. Осы жолда аға-апаларымыз көп күресті. Атап өтетін болсақ, олар: Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сабира Мұхамеджанов т/б.

1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алды. Бұл күн-Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды, және тәуелсіз манумент ескерткіші қойылды.

Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,

Бізге оны ешкім аяп бермеді.

Тәуелсіздік- Қайрат, Ләззат, Ерболдың

Тас көшеде, тас талқан боп өлгені.

-Осы тәуелсіздікке жетуімізге өз үлесін қосқан батырларымызды мәңгі есте сақтаймыз.

Жүргізуші: Тәуелсіздік дегенде көңілден жыр-шумақтар ағытылар. Ендеше балалардың тақпақтарын тыңдайық.

Аширали Қуаныш :

Қайраттай қайсар ұлдардың

Жанымен келген еркіндік

Жазира мен Лаззаттың

Арымен келен еркіндік ,

Қасірет пен қайғының

Бәрімен келген еркіндік

Алмаханбет Рауан

Бабамныңда арманы

Осы едіғой аңсаған ,

Тәуелсіздік тандары

Бақ береді баршаға

Көк туымды қолыма

Бүгін берік ұстадым

Түсті бақыт жолыма

Менің Қазақстаным.

Жүргізуші: Балалар біздің Елтаңбамыздың түсі қандай ? онда нелер бейнеленген. Елтаңбаның авторы кім
(Жандарбек Мәлібеков. Шотаман Уалиханов.)

Кенгесбай Жания:

Тәуелсіздік жолында,
Талай – талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім – Елтаңбам.

Жүргізуші : Тарихпарақтарына көз жүгіртетін болсақ, еліміздің бірлігін сақтаған Абылай хан атамызбен үш кемеңгер дүлділім өткен өмірден. Олар қазақта қара қылды қақ жарған Қазыбек би, Әйтеке би, Төле билер. Олай болса көрініс тамашалайық.

Ендеше «отан » туралы тақпақтарға кезек берейік

Жүргізуші: Отаным Қазақстан – алтын бесік,
Мінекей ұлы жолға түсті келіп.
Ағайын, бар тілерім мен еліме.
Тұғырың мықты болсын Тәуелсіздік!

Қыдырәлі Тасмин

Keң жазық отан мекенім
Cен де өсіп көктедім
Cені қорғау парызым
Mұны біліп өтеміз.
Қаңлыбай Фариза
Отаным менің Қаз-н
Атыңнан сенің айналдым
Бас иіп саған өтемін
Жасай бер, жаса Қазақстан.

Махмуджан Әсемай

Ұлан байтақ жері бар
Пайдалы қазба кені бар.
Тәуелсіз ел Қазақстан
Көркіне көркі жарасқан.

Дәулет Жанайым

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі

Мықты болсын еліміздің керегесі.

Тату-тәті боп халқымыз әрқашанда

Кетпесін туған жердің берекесі

Әжібек Нұрдаулет

Тәуелсіздік үшін тігіп бастарын

Желтоқсанда шықты алаңға жастарың

Әр ұрпақтың құрбандары жетерлік

Дербістікке кім сұрамақ басқа құн.

Дүйсебай Ақнәзік

Тәуелсіздік еліміз,

Мәңгі жасар жеріміз.

Тәуелсіздік жасаған ,

Аға ,әпкелеріміз.

Есеналы Еркежан

Тәуелсіздік өткеніміз,

Асулардан сан асқан

Тәуелсіздік ереніміз

Арайланып таңы атқан.

Би: «Өл-қиса » Мың бұралған биші қыздарымызды ортаға шақырамыз.

Сұрақ жауап:Балалар сендер білесіңдерме!1.Қазақстан республикасының

рәміздеріне нелер жатады?Ж: (Ту,Елтаңба,Әнұран) Тудың түсі қандай?

онда нелер бейнеленген. Тудың авторы кім? (Шәкен Ниязбеков)

Жарайсындар.ендеше «Ту»туралы жаттаған тақпақтарға кезек береміз.

Жекебай Құдырет

Ақ ниеті- алтын күн

Асқақ арман – қыраны.

Жалауы бұл- халқымның,

Мәртебесі, мақтаны

Жұмабек Айым

Көк байрағы бабамның ,

Бүгінгі ұрпақ алауы.

Тірегі Әке –баланың,

Қазақстан жалауы.

:Мамытқұл Алихан

Отаным менің –Қазақстан

Ыстық қой сенің топырағың

Орман көлін бау –бағын

Қастерленен қазағым.

Мырзағали Арсен

Тәуелсіз азат елім

Туып өскен –байтақ жерім.

Мәңгі жайнап тұра бер ,

Қазақстаным менің.

Муратбек Руслан

Отаным менің Қазақстан

Мәңгілік сенімен мақтанам.

Саянда жүрсең әрдайым

Күлімдеп жүрем бақ табам.

Хор : «Қазақстаным» балалардың орындауында.

Жүргізуші.

Пердебай Абдурахман

Біз туымызды мақтан етеміз

Ардақтап мәңгі сақтап өтеміз

Қазақтың туы асқақ биік болсын деп

Ұран етеміз жаттап өтеміз

Пердебай Сырым

:

Тұғыры биік, тәуелсіз менің қазағым

Жыр дастан етіп, тарихыңды жазамын

Осы қалпыңнан таймасаң сен егерде

Бүкіл әлем аударар саған назарын

Сәдібек Жансезім

Ұлан байтақ жері бар,

Пайдалы қазба кені бар

Тәуелсіз ел Қазақстан

Көркіне көркі жарасқан

Тугайбай Асылай

Тәуелсіз азат елім
Туып өскен байтақ жерім
Мәңгі жайнап тұра бер
Қазақстаным менің.

Хор «Тәуелсіздік-ел ұраны»

Жүргізуші: тобымыздың ұл-қыздарының «Жаса Қазақстан» атты биін
тамашалаңыздар.

Отаным Қазақстан алтын бесік

Мінекей ұлы жолға түсті келіп

Ағайын бар тілерім мен еліме

Тұғырың мықты болсын-Тәуелсіздік

Осымен «Тәуелсіздік -Тұғырым» атты ұйымдастырылған іс-шарамыз
аяқталды, көріскенше аман-сау болыңыздар!

Түркістан облысы Келес ауданы

«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

А.Камбарова

«Құтты болсын-Жаңа жыл!»

МАД тобы

Тәрбиешісі: Жүзеева Ж

2023-2024 оқу жылы

Құтты болсын - Жаңа жыл !

Музыка ойнап тұрады.

Жүргізуші:

(жүргізушінің дауысы тыс жерден шығады)

Тезірек, тездетіп мында жиналыңдар,
Басталады Жаңа жылдық карнавал,
Маска да бар, би де бар, асығыңдар,
Шырша жанында қонақтарды қарсы алыңдар.
Аяз ата шақырғанның бірі дағы қалмайды,
Басталады, басталады, жаңажылдық карнавал!
Карнавалдың иелерін қарсы алайық! –дейкеле МАД «Жас қанат» тобын ортаға
шақырайық.

(қол шапалақтау, оқушылар екі-екіден залға кіреді)

Жүргізуші: Армысыздар, аяулы ұстаздар, ата-аналар! Сәлеметсіздер ме, балалар. Сендер бүгін, сәнді киініп, әдемі болып келіпсіңдер. Қандай тамаша. Ал, бүгін балалар, қандай мереке?

Балалар: Жаңа жыл!

Жүргізуші: Балалар, бүгін біз жаңа жылды қарсы алуға жиналдык.

Балалар, ортамыздағы әсем не?

Балалар: Шырша!

Жүргізуші: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп!
Ал, кім бізге жаңа жылға арналған тақпақтарын айтып берер екен?

Жания,

Жаңа жыл, жаңа жыл,

Жаңа жылға жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында,

Билеп барлық бала жүр.

Рауан

Тамаша. Тамаша !

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Жанайым

Жаңа жылда балалар,

Тек қуаныш көріңдер.

Айырмандар ешқашан,

Мықты болып өсіндер.

Сырым

Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағылған.

Міне сұлу шыршамыз,

Көптен күтіп сағынған.

Руслан

Аппак тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан,

Аяз ата оралып.

Айым

Тауда туып, тауда өсіп,

Шырша келді ортаға.

Қандай жақсы шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз.

Ерке

Жаңа жылды қарсы алып,

Жасаймыз той жылда біз.

Жарқын, жарқын ән салып,

Жалғасады жырға жыр.

Қуаныш

Тамаша сый алып,

Келді Аяз атамыз.

Шаттанып, қуанып,

Шырқап ән айтамыз.

Жансезім

Келіндер, келіндер,

Тақпақ айтып беріндер.

Жомарт Аяз атадан,

Сыйлық алып көріндер.

Жүргізуші: Жарайсың, қандай жақсы тақпақ!

(шыршаның жанына жақындап келіп)

Бәрекелді, қараңдар балалар, шыршаның астында бірдеңе тұр! Балалар, қараңдар бұл Сайқы мазақ екен. Сайқы мазақты ойатайық.

Балалар: Сайқымазақ, сайқымазақ.

(көңілді музыка ойнайды, қорапты ашады, оның ішінен клоун атып шығады)

Сайқымазақ: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін. Мені оятқандарың қандай жақсы болды! Ал, мұнда сондай тамаша екен! Мен де сендермен жаңа жылды қарсы алайыншы, сендермен бірге қызықты ойындар ойнайыншы!

Жүргізуші: Жарайды

1. Онда біз «Кім жеңеді?» ойынын ойнайық. (4 орындықпен)

Жүргізуші: Жарайсыңдар. Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балаларымыз бар, Ата-аналарымыз, көрермендеріміз де бар екен, енді, біздің жаңажылдық мерекемізге кім жетіспейді?

Балалар: Аяз ата, Ақшақар.

Жүргізуші: кәне, онда Аяз атаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.

Балалар: Аяз ата, Аяз ата (деп 2 рет айтқанда, есік ашылады да, сыпырғышына мінген мыстан кемпір жүгіріп кіреді.)

Мыстан кемпір: Ойбай түрлерін қара! Неге тамақтарынды жыртып жатырсыңдар?!

Жүргізуші: Ал, сен неге амандаспайсың? Әдепті адам алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?

Мыстан кемпір: Білсем бұйырмасын!

Жүргізуші: Мұны тіпті мына бүлдіршіндеріміз біледі. Ал, сен сияқты үлкен әйел адамға ескертудің өзі ұят. Сен балабақшаға бармағансыңба?

Мыстан кемпір: Маған бір танысым – Орман перісі — балабақшада сондай қызықты болады, бір барып көрсең, көрсең ғой деп қоймап еді, ал, бардым. Онда кешке дейін тақпақ-әндер, жазу жазу керек болды. Маған ондай ұнамайды. Бүйткен балабақшасы құрысын!

Жүргізуші: Балалар, Жалмауыз кемпір шын айтып тұр ма? Балабақшада көңілсіз бе? Айтыңдаршы балабақшаға не үшін барады?

Балалар қолдарын көтеріп:

- сауат ашу үшін
- жазу
- сызу
- санау
- сурет салу үшін

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, балалар. (Жалмауыз кемпірге қарап) Түсіндің бе? Сен өзі қайдан шықтың? Біз Аяз атаны шақырып едік қой?!

Мыстан кемпір: Ал, мені мерекеге неге шақырмайсыңдар? Аяз ата сендерге бәрібір келмейді, өйткені мен ормандағы жол көрсететін белгіні алып тастадым, енді ол жол таба алмайды ха-ха-ха (деп секіреді)

Жүргізуші: неге олай еттің? Аяз ата, Ақшақарсыз қандай жаңа жыл келмек?

Мыстан кемпір: ә, бәлем, солай ма екен! (**Балаларға қарап:**) балалар шырша әдемі болып жану керек қой иә?

Балалар: Иә!

Мыстан кемпір: Онда, кәне жағып жіберейік! (қолына сіріңкесін алып, жаға бастайды)

Жүргізуші: Жоқ! Жоқ! Мына мыстан кемпірден құтыла алмадық қой! (осы кезде боранның гуілдеген дыбысы естіледі. Жалмауыз кемпір тоңа бастайды да,

біреулердің киімдерінің астына кіріп, ата-аналарға тығылып, соңында шыршаның астына тығыла бастайды)

Алыстан Аяз атаның дауысы естіледі.

Аяз ата мен Ақшақар

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін, шақырайық, қол соғайық, болған қиындықтарды ұмытайық!

Балалар: Аяз ата, Ақшақар!

Аяз ата:

Сәлематсындар ма, балалар!
Күнтізбеде қалыпты
Жалғыз ғана бір парақ.
Дайындалдым жыл бойы,
Жолға шығар келді уақ!
Шақырымды жүздеген
Басып өту мен үшін
Жаңа жылдың түнінде
Жасыл шырша түбінде
Кездесем деп сендермен,
Таратсам екен сыйлықтар,
Одан асқан не сый бар.
Қуаныш сыйлау балаға
Одан зор бақыт бола ма!
Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!

Аяз ата: Балалар, мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Кәне, сиқырлы сөздерімізбен оның шамдарын жарқыратайық!

Қуант, бізді таңырқат
Шамдарыңды жарқырат! (3 рет айту керек, қолдарын шапалақтатады)

Шырша жарқырайды

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар келіңіздер, отырып балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар.

Келді міне Жаңа жыл,

Қарсы алайық бәріміз.

Ән салайық бәріміз.

Күліп ойнап, би билеп, - дей келе ортамызға қыздарымыздың орындайында «Қыс» би.

Жүргізуші: Жарайсыңдар.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Балалар бізге қонақ келе жатыр. Жай қонақ емес Жаңа жыл Жылан жылы келді.(әуенмен кіріп келеді).

Жылан : Саламатсындарма балалар! Мен сендерге бақыт, құт – береке алып келдім. Жыл бойы сендермен боламын.

Жүргізуші: Жылан келіңіз, отырып балаларымыздың өнерін тамашалаңыз.

Келіндер, келіндер,

Тақпақ айтып беріндер.

Жомарт Аяз атадан,

Сыйлық алып көріңдер.- дей отырып балалардың тақпақтарына кезік берейік

Райяна

Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрле, төрле Жаңа жыл,

Бізге құтты жыл болсын.

Алихан

Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала.

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға.

Әсемай

Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай әсем шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз.

Сағындым Аяз атаны.

Нұрдаулет

Қарандар мына шыршаға,

Неткен әсем көрікті.

Жаңа жылдық думанға,

Аяз ата келіпті.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрле, төрле Жаңа жыл,

Бізге құтты жыл болсын. —дей келе кезекте Ұл балаларымыздың «Аяз ата» биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, Балалар сендермен «Сыңарын тап» ойынын ойнайық.

(ортаға 5-6 баланы шығарамыз.)

Жүргізуші: Жарайсыңдар.

Жүргізуші: Біздің балалардың өнерлері көп, әрі қарай тамашалай берейік. Кезеті балалардың тақпақтарына берейік.

Еркежан

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман қар жамылған,

Маужырайды түнгі аспан.

Арсен

Ал, балалар билейік,

Ойнайық та күлейік.

Аяз ата қуансын,

Тақпақ айтып берейік.

Асылай

Ақ таяғын таянып,

Таңмен бірге оянып.

Аяз ата келіп тұр,

Ақ көрпеге оранып.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Келді міне Жаңа жыл,

Қарсы алайық бәріміз.

Күліп ойнап, би билеп,

Ән салайық бәріміз.- **дей келе** ,сән құрап тұрып, қол ұстасып жүріп ән салайық.

Ән: «Жаңа жыл.»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Аяз ата: Мінекей, балалар, сендермен қоштасатын да кез келді.

Ақшақар: сендерді кимай тұрмыз, барлығың да көңілді, әдемі бала екенсіңдер.

Жүргізуші: Құрметті көрермендер осымен «Құтты болсын - Жаңа жыл !» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін үлкен рахмет! Хош сау болыңыздар!

Түркістан облысы Келес ауданы

«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесі



Ұйымдастырылған іс-шара

Тақырыбы:

«Мың бір мақал-жүз бір жұмбақ»

МАД тобы

Тәрбиешісі: Жүзеева Ж

2023-2024 оқу жылы.

«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ.» - атты сайыс!

Мақсаты: 2023-2024 оқу жылындағы мектеп және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру шеңберінде «Мақал сөздің – азығы, жұмбақ ойдың - қазығы» мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды білуге балаларды үйрету. Сонымен қатар, олардың сөздік қорын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру, және де түрлі ұлттық ойындар арқылы оларды шапшаңдыққа, ширақтыққа баулу.

Тәрбиеші: Саламатсыңдарма балалар?!

Балалар: Саламатсызба!

Тәрбиеші: Балалар көңіл күйлерің қалай?

Балалар: Жақсы.

Тәрбиеші: Ал қанекей балалар шаттық шеңберіне келеқойындар.

Мектебім менің , армысың,

Сені қатты сүйемін!

Достарым, аман бармысың,

Сендерді жақсы көремін!

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар. Ал балалар мемлекеттік рәміздерімізді атайықшы.

Балалар: Ту, Елтаңба, Ән ұран.

Тәрбиеші: Тамаша. Ал балалар олай болса мемлекеттік Ән ұранымызды орындап алайық.

(Ән ұран орындалады.)

Тәрбиеші: Жарайсындар. Ендеше орнымызға жайғасайық. Ал балалар олай болса «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ»- атты сайысымызды бастайық.

Тәрбиеші: Балалар бізде қазақ халқында көптеген мақал-мәтелдер, даналық сөздер, жаңылтпаштармен жұмбақтар бар. Сендер осыларды білесіңдерме?

Балалар:Ия

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге сайысымыздың шартын түсіндіріп өтейін. Ал олай болса, алдарыңда тұрған дабыл қаққышты көрдіңдерме?

Балалар:Ия

Тәрбиеші: Ал олай болса, менің қолымдағы сандыққа қарандар. Сандықтың ішінде неше түрлі асықтар бар. Қазір мен сендерге мақалдың басын айтамын, кім жалғасын тапса мына дабыл қаққышты басады. Дұрыс тапқан балаға сандықтың ішінен бір асық сифа беріледі. Келістікпе балалар?

Балалар:Ия

Тәрбиеші: Асық жерге тасталды ойынымыз басталды.

(Тәрбиеші мақалдарды айта бастайды,балалар жалғасын табады. Ойын осылайша жалғасады).

Тәрбиеші: Балалар ойынымызды осы жерден тоқтатайық. Сендер неткен ақылды едіңдер, көптеген мақалдарды біледі екенсіңдер жарайсыңдар.

Тәрбиеші: Ойын сендерге ұнаған болар, ендеше келесі ойынымызды бастайық. Алдымен біз екі топқа бөлініп алайық. Алдарыңдағы дөңгелек үстел үстіне жайғаса қойыңдар.

(Балалар дөңгелек үстел үстіне бөлініп отыра кетеді).

Тәрбиеші: Ал балалар олай болса тақтаға назар аударыңдар. Мұнда сендерге көптеген жұмбақтар жасырылған. Сол жұмбақтарды шешуін табу арқылы өз топтарыңа асық жинайсыңдар. Әрбір жұмбақтың шешімін тапқан топқа асық беріледі.

(Тақтаға жұмбақтар беріледі, балалар жауабын табады.)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Ойын сендерге ұнадыма?

Балалар:Ия

Тәрбиеші: Ал балалар кезектегі ойынымыз «Ұлттық құндылықтарды» тап ойыны. Балалар мына үстел үстіндегі қазақи оюлы шеңберлерімізде қазақтың ұлттық құндылықтары жасырылған. Сендер қолдарыңа мына кубикті алып лақтырасыңдар. Қай түсті асық түседі, сондай асықты «Ұлттық құндылықтар» шеңберінен аласыңдар. Астындағы ұлттық құндылықтарды атайсыңдар.

Балалар ойын шарты түсінікті болдыма?

Балалар:Ия

(Балалар оз кезектерімен келік кубикті лақтырып, сәйке асықты алып астындағы тапсырманы орындайды.)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар неткен тапқыр едіңдер. Ойындарымыз сендердің көңілдеріңнен шықты деген ойдамын.

Балалар:Ия

Қорытынды.

Тәрбиеші: «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ.» - атты сайысымызды қорытындылай келгенде балалар сайысқа өте белсенді қатысты. Және осы сайыс арқылы олар, мақал – мәтердерді, тыңдап, түсіне отырып, елеусіз қалып қойған қазақи құндылықтарымызды, ұлттық ойындарымызды белсенді меңгеріп шықты, және түрлі жұмбақтардың шешуін қызығушылықпен, шапшаңдықпен меңгере алды.

Осымен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ»-атты сайысымыз аяқталды!

Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

Қош сау болыңыздар!!!

Түркістан облысы Келес ауданы

«№31Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

А.Камбарова



«Ана – өмірдің гүлі!»



МАД тобы

Тәрбиеші: Ж.Жузеева

2023-2024 оқу жылы

Ана - өмірдің гүлі.

Мақсаты: Ана - өмірдің шуағы, ана - өмір гүлі, анаға тек ұлылық тән екенін ұғындыру. Анаға деген бала махаббатын ояту: Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқушыларды аналардың еңбегін бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: көріністер, әндер, суреттер, ойынға қатысты көрнекіліктер, буклет. Плакатқа жазылған нақыл сөздері.

Барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды сахна төріне тұрғызу.

Жүргізуші: Құрметті асыл аналар, әжелер мен қыздар!

Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын

8 - наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз.

: Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз. Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер!

: Ананың тілегі, ананың жүрегі, ананың махаббаты, ананың ыстық құшағынан қасиетті ештеңе жоқ. Ең ыстық күннің нұры да, ананың шапағат мейіріміне жетпейді.

. Біздің әрқайсымыз үшін өмірдегі ең жақын, ең әзиз жан ол – анамыз.

Бүгінгі 8 - наурыз – аналар мерекесіне арналған «Ана - өмірдің шуағы»

атты мерекелік кешімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер! Барлық өнеріміз аналар сіздер үшін.

Балпандарыңыздың Наурыз көктем әнін қабыл алыңыздар

Жүргізуші: Бүгінгі мейрамда көктемдей көңіл сыйлайтын оқушыларымыздың аналарға арнап жазған өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Ұлдар бiі Қаражорға»

Жүргізуші:

Ойын «Ананың алақанын сипап сезу» Үш баланың көздерін жауып байлаймыз.

Аналардың орны ауысқаннан кейін, балалар көздері байлаулы күйде барлық аналардың алақанының арасынан, өз анасының алақанын сипап сезу арқылы табу керек.

- Жүргізуші:

Көтерілсін қанекей, көңіл күйлер

Алдарыңызда қазіргі қазақ биі,

Таң қалдырып қанекей би билеңдер, – демекші, ендігі кезекте, Айгөлек биі» қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:

Ана ол біздің елде ардақты адам,

Кішісі де, үлкені де ардақтаған.

Өзінің аяулысы да Отанын да,

«Ана» деп біздің халық текке айтпаған, – деп кезекті **Анашым** әніне береміз.

Жүргізуші:

Ойын «Жылы сөздер». Аналар өз балаларына берілген әріптерден басталатын жылы сөздер айтады.

Жүргізуші:

Бишілер бар бізде Асемай мен Фариза тобы,

Мерекеге өнерімен келген бүгін.

Таң қалдырып, қанекей би билеші,

Қол соғып, демеу берсе көрермендер!

Сахнада «Тауыс биі» қабыл алыңыздар.

Ардақты, аналар, әжелер мен апалар, қыздар, ұстаз апайлар! Сіздерге осынау мерейлі мереке тек қана игі жақсылықтар әкелсін.

Деңдеріңізге саулық, бала-шағаларыңызға амандық тілейміз. Жүздеріңізден күлкі қуаныш пен шаттықтың нұры кетпесін. Еңбектеріңіз табысты болып, шаңырақтарыңызға құт – береке дарысын! Аспанымыз ашық, мемлекетіміздің іргесі берік болсын!

Ана туралы тақпақтар

Құдырет

1. Еркелесем күнім дейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайымнан искеп менің,
Құлыншағым күнім дейтін.

2. Әсемай

2. Анамды мен жақсы көрем,
Айтқан тілін алып жүрем.
Қасымда анам жүргенде,
Шаттанып ойнап күлем.

Рауан

3. Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Бізді ана қуанып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Нұрдаулет

4. Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Абдурахман

5. Бүгінгі көктем күнінде,
Барлық адам қуанар.
Аналарды мейраммен,
Құттықтайды балалар!

Ерке

Сенен өскен балалар,

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті апа, аналар!

Ақнәзік

6. Бізді өсірген анажан,

Енбегіңіз зор екен.

Құтты болсын анажан!

Құтты болсын мерекен!

8. Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

9. Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Мереке күні бір – бірден,
Аналарға сыйлаймыз.

Асылай

10. Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған.
Үлкен кіші демейді,
Сыйлайды оны бар адам.

Руслан

11. Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

Райяна

12. Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам.

Еркежан

15. Жанымызды жайнатқан,
Өзіңіз ғой аналар.
Зор денсаулық, мол бақыт,
Тілейміз біз балалар!

Айым

16. Мәпелейді, әлдилейді, бағады,
«Құлыным» деп құшағына алады.
Өзгеге де, өзіне де жауапты,
Барлығына қалай уақыт табады?!

Сырым

18. Үн қатасың бал тілмең,
Еркелеймін әр күн мен.
Құттықтаймын анашым,
8-ші наурызбен!

Алихан

19. Балдай тәтті баламыз,
Ақылдымыз данамыз.
Аналардың мейрамын,
Бірге қарсы аламыз.

Қуаныш

22. Шалқып тасып әніміз,
Жадырасын жанымыз.
Аналарды құттықтап,
Би билейміз бәріміз.

Жанайым

1. Мені жақсы көреді,
2. Күндей күліп келеді.
3. Көп ертегі біледі,
4. Маған айтып береді.

Арсен

Әжем менің әйбат.

Ешкім оған жетпейді.

Күні бойы бірге ойнап,

Жанымнан бір кетпейді.

Тасмин

5. Әжемді жақсы көремін,
Өлең айтып беремін.
Үлкен болып өскенде,
Бәрін алып беремін.

Жансезім

. Аялаған саялаған,
Бар бақытым берекем,
Апатайым құттықтаймын,
Бүгін сенің мерекең.